

2007 жылға арналған республикалық бюджеттің облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қаңтардағы N 59 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 және 20-баптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2007 жылға арналған республикалық бюджеттің облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекітілген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын уақтылы және нысаналы п а й д а л а н у д ы ;

2) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану туралы есептерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 күніне дейін беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

5 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2007 жылға арналған республикалық бюджеттің облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесі

1. Осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану тәртібін айқындайды:

022 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

024 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдікті жағдайлармен дәрілік заттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

027 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

028 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

029 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық орталықтардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

030 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастапқы медициналық-санитарлық көмектің медициналық ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медициналық кадрлармен қамтамасыз ету және жалпы практикадағы дәрігерлердің жүйесін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

031 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне құрылатын ақпараттық-талдамалық орталықтардың қызметін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

033 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерді сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

035 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне амбулаториялық емдеу деңгейіндегі 5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

036 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жүкті әйелдерді құрамында темір және йод бар препараттармен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

037 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азаматтардың жекелеген санаттарын алдын ала, медициналық тексеруді жүзеге асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

038 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарын жергілікті деңгейде

материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер
"

039 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту және қосымша оқуға қабылдау құнының ұлғаюы жөніндегі шығыстарды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

040 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

041 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

045 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2007 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде:

1) 2007 жылға арналған болжамды бағаларды ескере отырып, аурулар түрлерінің тізбесі мен амбулаториялық және стационарлық емдеу кезінде дәрілік заттардың, вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттардың және АҚТҚ мен ЖҚТБ индикаторлық ауруларын зерттеуге арналған диагностикалық тест-жүйелердің бірыңғай номенклатурасын, сондай-ақ олардың көлемін айқындайды;

2) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары, ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар үшін бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен сатып алынатын жабдықтардың номенклатурасын айқындайды;

3) уәкілетті орган бекіткен медицина техникасымен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен нормативтерінің (стандарттарының) шеңберінде жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдары мен мемлекеттік қан орталықтарына арналған медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен келіседі.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі вакциналар мен басқа медициналық иммундық-биологиялық препараттарды, диабетке қарсы препараттарды сатып алу жөніндегі әрі облыстық және қалалық ауруханалар, облыстық және қалалық балалар ауруханалары, босандыру ұйымдары үшін стационарлық рентген

диагностикалық, өкпенің жасанды вентиляциясы, ингаляциялық наркозға, наркоз-тыныс алуға арналған ультрадыбыстық диагностика аппараттарын, эндоскопиялық хирургияға арналған жинақтар мен операциялық микроскоптарды, кардиологиялық қызмет үшін жабдықтарды, онкологиялық ұйымдар үшін сәулелі терапия аппараттарын, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі жедел және шұғыл медициналық көмек қызметінің ұйымдары үшін санитарлық автокөлікті мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың бірыңғай ұйымдастырушысы болады.

Конкурстық комиссияның құрамына облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтауды басқару (диабетке қарсы препараттарды сатып алу кезінде, облыстық және қалалық ауруханалар, облыстық және қалалық балалар ауруханалары, босандыру ұйымдары үшін стационарлық рентген диагностикалық, өкпенің жасанды вентиляциясы, ингаляциялық наркозға, наркоз-тыныс алуға арналған ультрадыбыстық диагностика аппараттарын, эндоскопиялық хирургияға арналған жинақтар мен операциялық микроскоптарды, кардиологиялық қызмет үшін жабдықтарды, онкологиялық ұйымдар үшін сәулелі терапия аппараттарын, сондай-ақ жедел және шұғыл медициналық көмек қызметінің ұйымдары үшін санитарлық автокөлікті мемлекеттік сатып алу жөніндегі) және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау (облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары үшін вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алу кезінде) органдарының өкілдері кіреді.

5. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бастапқы медициналық-санитарлық көмектің медицина ұйымдарын штаттық нормативтерге сәйкес медицина кадрларымен жасақтауға және жалпы практика дәрігерлері жүйесін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен жиынтықталған лауазымдарға еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстарға пайдаланылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне медицина ұйымдарын мамандармен толық жиынтықтау туралы әкімдіктердің қаулылары беріледі.

6. Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары:

1) м ы н а л а р д ы :

созылмалы ауруларды амбулаториялық емдеу кезінде диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді;

амбулаториялық деңгейде азаматтардың жекелеген санаттарын жеңілдікті жағдайларда;

5 жасқа дейінгі балаларды;

жүкті әйелдерді құрамында темір және йоды бар препараттармен;

АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын балаларды емдеу үшін; лейкемиямен ауыратын балалар үшін дәрілік қамтамасыз етуге арнап дәрілік

з а т т а р д ы ;

2) шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізуге арналған тест-жүйелерді;
туберкулезге қарсы препараттарды;
онкологиялық сырқаттарға химиялық препараттарды;
бүйрек қызметі жеткіліксіз сырқаттарға диализаторларды, шығыс материалдарын
және бүйрегі ауыстырылып салынған сырқаттар үшін дәрі-дәрмек құралдарын сатып
а л у ;

3) м ы н а л а р д ы :
қан орталықтары үшін жабдықтарды;
облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары үшін
ж а б д ы қ т а р д ы ;
облыстық және қалалық ауруханалар, облыстық және қалалық балалар
ауруханалары, босандыру ұйымдары үшін стационарлық рентген диагностикалық,
өкпенің жасанды вентиляциясы, ингаляциялық наркозға, наркоз-тыныс алуға арналған,
ультрадыбыстық диагностика аппараттарын, эндоскопиялық хирургияға арналған
жинақтар мен операциялық микроскоптарды, кардиологиялық қызмет үшін
жабдықтарды, онкологиялық ұйымдар үшін сәулелі терапия аппараттарын қоспағанда,
жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін жабдықтар мен медициналық
мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың
ұйымдастырушылары болады.

7. Объектіні пайдалануға беру туралы әкімдіктің қаулысы облыстық бюджеттерге,
Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық
сақтау объектілерін ұстауға ағымдағы нысаналы трансферттер бөлу үшін шарт болып
т а б ы л а д ы .

Ағымдағы нысаналы трансферттер күрделі сипаттағы шығыстарды қоспағанда,
жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға байланысты ағымдағы
шығыстарға, сондай-ақ 2006 жылы пайдалануға берілген денсаулық сақтау объектілері
қызметкерлерінің штат санына жалақы төлеу жөніндегі шығыстарға пайдаланылады.

Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары объектіні
пайдалануға беру кешіктірілген жағдайда 2007 жылғы 1 қарашадан кешіктірмей
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне тиісті қаржы жылына арнап
бекітілген сома шегінде қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныстар енгізуі мүмкін.

8. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медицина ұйымдары арасында
азаматтардың жекелеген санаттарын (49 жасқа дейінгі ұрпақты болу жасындағы
әйелдерді, 18 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда) алдын ала медициналық тексеруді
жүзеге асыруға арналған сомаларды бөлуді осы ұйымдарға бекітіліп берілген 18 жасқа
дейінгі балаларды қоса алғанда, көрсетілген жастағы әйелдердің санына сәйкес
денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүргізеді.

9. Осы Ережеге қосымшаға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медицина ұйымдарының арасында медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлуді 2007 жылға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттарына сәйкес денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады.

Бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттердің есебінен жарақтандыруға жататын медицина ұйымдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісіледі.

Денсаулық сақтау ұйымдарын күрделі жөндеу мен материалдық-техникалық жарақтандырудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаларының шеңберінде 2004-2006 жылдардың ішінде және 2007 жылы жоспарланып отырған, осы тармақта көрсетілген медицина ұйымдарында күрделі жөндеу жүргізуді жүзеге асыру облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік медицина ұйымдарын санитарлық көлікті қоспағанда, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу үшін шарт болып табылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі осы тармақта көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің арасында ағымдағы нысаналы трансферттерді қайта бөлу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

10. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламаның 2007 жылға арналған іс-шараларын орындауға пайдаланылады.

11. Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту және қосымша қабылдау құнының өсуі жөніндегі шығыстарды өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді әрбір облыс және республикалық маңызы бар қалалар үшін 19 адамнан оқыту және қабылдау құнын ұлғайтуға жіберсін.

12. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медицина кадрларының, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер :

1) бір айлық біліктілікті арттыру циклдарына жіберілетін денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын, басшыларының орынбасарларын және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын және 10 айлық қайта даярлау циклдарына жіберілетін

денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарының және денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын, басшыларының орынбасарларын және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын оқыту шығыстарын және іссапар шығыстарын өтеуге ;

2) бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының бір айлық біліктілікті арттыру курстарына жіберілетін, жалпы дәрігерлік практика мәселелері бойынша мамандығы бар дәрігерлерінің іссапар шығыстарын және оқыту шығыстарын және бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының 6 айлық қайта даярлау курстарына жіберілетін, жалпы дәрігерлік практика мәселелері бойынша мамандығы жоқ дәрігерлерінің іссапар шығыстарын, оқыту мен жұмыс орындарын алмастыру шығыстарын өтеуге пайдаланылады.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қажетті есеп береді.

2007 жылға арналған республикалық бюджеттің облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесіне қосымша

2007 жылы облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын пайдалану бағыты
мың теңге

Өңірлердің атаулары	оның ішінде					Барлығы	жедел және шұғыл медициналық жәрдем қызметін санитарлық көлікпен (реанимобильдер) қамтамасыз ету
	ауылдық дәрігерлік амбулаториялар	қалалық дәрігерлік амбулаториялар	ауылдық жерлердегі емханалар	қалалық ауруханалар	жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциялары (бөлімшелері)		
1	2	3	4	5	6	7	8
Ақмола	73600	15600	83000	57350	21250	250800	34000
Ақтөбе	67800	26120	70500	56400	21650	242470	34000

Алматы	98060	3250	116600	46520	24500	288930	34000
Атырау	26920	0	62580	55830	21200	166530	17000
ШҚО	98360	48210	117630	25050	26200	315450	34000
Жамбыл	95320	31520	113650	63680	23250	327420	34000
БҚО	53080	6530	72730	55580	21000	208920	34000
Қарағанды	94500	6530	116280	77360	26750	321420	34000
Қостанай	93800	0	106460	67330	22600	290190	34000
Қызылорда	92250	13060	105770	59060	21300	291440	34000
Маңғыстау	11240	5640	65030	49400	12650	143960	17000
Павлодар	92190	15790	106660	59150	23200	296990	34000
СҚО	90050	0	105610	59150	23950	278760	34000
ОҚО	94500	0	106680	44630	22200	268010	34000
Алматы қаласы		6680		138630	26350	171660	34000
Астана қаласы		19920		98680	14950	133550	17000
Барлығы	1081670	198850	1349180	1013800	353000	3996500	493000

кестенің жалғасы

Өңірлік атаулары	Балалар мен босандыру ұйымдарының жарактану деңгейін медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарактандырудың ең төмен нормативіне дейін жеткізу		медициналық-генетикалық консультацияларды (кабинеттерді) жабдықтармен және шығыс материалдармен жарактандыру		Аудандық, қалалық және облыстық ауруханаларды медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарактандыру	
	оның ішінде		Барлығы	медициналық-генетикалық консультацияларды (кабинеттерді) жарактандыру үшін барлығы	оның ішінде	
	балалар ауруханалары	перинаталды орталықтар, АОО, АА, ҚА, ОА жанындағы перзентханалар мен босандыру бөлімшелері			аудандық ауруханалар	қалалық және облыстық ауруханалар
1	9	10	11	12	13	14
Ақмола	84800	94000	178800	32438	102800	268300
Ақтөбе	84500	86400	170900	43903	77100	219600
Алматы	59900	110700	170600	47759	101000	57400
Атырау	94200	94100	188300	41640	99400	0

ШҚО	93800	102000	195800	78001	66900	356500
Жамбыл	72300	102000	174300	50810	79200	270900
БҚО	72000	84300	156300	35936	80100	136300
Қарағанды	86500	92900	179400	65963	69800	350698
Қостанай	70100	93900	164000	42070	72600	287598
Қызылорда	85700	87900	173600	35410	58200	126600
Маңғыстау	74700	32400	107100	41434	52000	260698
Павлодар	79200	96900	176100	41637	66300	349398
СҚО	86300	114400	200700	30378	81100	323700
ОҚО	225400	790200	1015600	84722	94400	342298
Алматы қаласы	178600	89300	267900	38463		408898
Астана қаласы	175200	90500	265700	40436		290999
Барлығы	1623200	2161900	3785100	751000	1100900	4049887

кестенің жалғасы

Өңірлік атаулары	Аудандық, қалалық және облыстық ауруханаларды медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандыру		Онкологиялық ұйымдарды қазіргі заманғы сәулелік терапия аппараттарымен жарақтандыру	Кардиологиялық қызметтерді жарақтандыру	Барлығы
		Барлығы			
1	15		16	17	18
Ақмола	371100		0	215000	1082138
Ақтөбе	296700		66000	0	853973
Алматы	158400		241000	0	940689
Атырау	99400		241000	0	753870
ШҚО	423400		0	215000	1261651
Жамбыл	350100		106000	0	1042630
БҚО	216400		0	0	651556
Қарағанды	420498		0	215000	1236281
Қостанай	360198		99000	215000	1204458
Қызылорда	184800		99000	0	818250
Маңғыстау	312698		0	0	622192
Павлодар	415698		0	215000	1179425
СҚО	404800		66000	0	1014638

ОҚО	436698	135000	215000	2189030
Алматы қаласы	408898	0	0	920921
Астана қаласы	290999	0	0	747685
Барлығы	5150787	1053000	1290000	16519387

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК